

Оқушылармен арт - терапия тәсілдерін қолдану

НУРИДЕНОВА БАҚЫТГУЛЬ НАЗМУХАНОВНА

*Павлодар облысы, Баянауыл ауданы,
Мәшһүр Жүсіп Көпейұлы атындағы
жалпы орта білім беру мектебінің
педагог психологы*

Мақсаты: Оқушылардың шығармашылық әлеуетін дамыта отырып, психоэмоционалдық жағдайды жайландыру. Ішкі күйзелісті түсіру, релаксация. Қолдарының ұсақ моторикасын дамыту. Өзіне деген позитивтік көзқарасты қалыптастыру. Балаларға АРТ- терапия туралы түсінік беру; сурет салу, тұз т.б. терапия жаттығуларын орындау, әсемділікті сезінуге тәрбиелеу. Сондай – ақ даралық қажеттілігін қанағаттандыра отырып білім беру арқылы оқушылардың кәсіби шеберліктерін арттыру.

Ашылуына:

Ойын ырғақты сезіну ойын /обручпен/

Мақсаты: Музыка әуенімен еркін билеуге баулу.

Көрнекіліктер: Обруч

Музыка ырғамен бір- бірден обручтан секіріп кіреді.

Тақырыбы: «Тұз терапиясы»

Мақсаты:

1. Оқушылардың ұсақ қол моторикасын дамыту
2. Түрлі - түстер арқылы қызығушылын арттыру
3. Тұз терапиясының денсаулыққа пайдасы
4. Оқушылардың бойындағы үрейлерінен жою

Көрнекіліктер: Тұз, ақ қағаз, гуаш

Мазмұны:

Мұғалімдердің алдына ақ А4 қағазы беріледі. Сол қағазға кішкене ғана тұз салынады. Содан кейін түрлі-түсті борлар беріледі. Қолдарындағы борлармен тұзды ысқылап, бояйды. Бұл жаттығудың мақсаты: іштегі стрессті шығаруға көмектеседі.

«Ашулы шарлар».

Шарты: 8-10 қатысушы ортаға шығып, бір-бір шарды үрлеп, оларды байлау сұралады. Қатысушыларға түсіндірілуі керек. Шарлар адамның денесін бейнелейтінін, ал оның ішіндегі ауа – адам сезімі.

Қатысушылар

қолдарындағы шарды аяқтарымен жаруы керек.

- Шарды жарғанда қандай сезімде болдыңыздар? Ашуды осылай шығару дұрыс жол ма? Ондай ашудан кейін қандай сезімде боласыздар?

- Бұл қатты жарылған шар агрессияны білдіреді. Ол қауіпті.

- Енді қатысушылар келесі шарды үрлейді, оны байламай ұстап тұрады. Бұл шарлар ашу толы сезімді білдіреді, ал енді жайлап қана шардың жарты ауасын шығарайық. Шар кішірейеді. Бірақ жарылмайды. Бұл нені білдіреді? Егер біз ашуымызды бақылап шығарсақ, ол ешкімге зақым келтірмейді.

- Енді қатысушылар шардағы ауаны толығымен сыртқа шығарады. Бұл дегеніміз

ашудың қауіпсіз жолын табу-ол әр адамның өз қолында екендігін тұжырымдау.

Тақырыбы: «Өміріміздің бақытты сәттері»

Мақсаты: Өткенді еске алғыза отырып, бойларындағы жағымды эмоцияларды сезіедіру, өздерін сергек сезінуге жағдай жасау.

Ақ қағаздың қақ ортасына үш түрлі түсті өзіңе ұнаған бояумен қалың нүкте немесе шағын шеңбер салу. Қағазды екіге бүктеп бояудың үстінен басып, суреттерді тарату қажет. Ашқанда әртүрлі беинелер пайда болады. Кері байланыс сурет бойынша ойын білу.

Жүргізуші:

Осы уақытқа дейін, яғни өткен шақта өздерінді өте жақсы сезінген, не өздерінді сол сәтте бақытты сезінген 2-3 сәтті есімізге түсіріп көрейікші. Бұл оқиға қандай оқиғалармен, не жағдайлармен байланысты екенін есіңе түсіріп, сол жағдай туралы қысқаша жазындар.

Талдау:

- Осы оқиғаларды еске түсіру барысында қандай сезімге бөлендіңдер?

- Жағымды әсер алдыңдар?

Қорытынды: Жаттығу барысында бақытты сәттерінің символдары ретінде кілтті ұғымдар айқындалады. Оның бүгінгі күнгі іс – әрекеттер, көңіл – күй қарым – қатынастар барысында жағымды қалып қалыптастыруда үлкен маңызы бар.

Соңғы жаттығу. Рефлексия.

Мұғалімдер шеңбер құрып тұрады. Бәріне қағаз үйлестіріледі. Ол қағаздарда осы

жерде тұрған Оқушылардың есімдері жазылған. Барлығы таңдап алады. Содан кейін 1 адам қолындағы қағазын оқиды, сол қағаздағы кісінің аты аталған адам мына сұрақтарға жауап береді.

1. Сіздің өмірдегі алған қойған мақсатыңыз?

2. Өмірде алған жетістіктеріңіз?

3. Бүгінгі тренингтен алған әсеріңіз?

Осы қойылған 3 сұраққа барлығы жауап береді.

«Бақыт деген не?» деген сауалдың «Бақыт деген ол таңертең сабаққа келу, түсте үйге асығу»

деген жауабын естіген шығарсыз. Расында да, сүйікті жұмысыңызға, қызыметтестеріңізге ақ көңіліңізбен асығып жетсек, жұмыстан жылы ұямыздың

шуағына кеңелу үшін асыққанымыз, көңілімнің тыныштығын білдірмей ме?

24.02.2025 ж № С00012

Марблс тастар технологиясы

СОГУМБАЕВА ТОЛҚЫН ЕНСЕБАЕВНА

ШҚО, Зайсан қаласы

**«Күншуақ» жекеменшік бөбекжай
балабақшасының тәрбиешісі**

Күні: 21.05.2024 ж

Тобы: «Ақтілек» кіші тобы

Білім беру саласы: Шығармашылық. Таным

Тақырыбы: «Марблс тастар технологиясы.».

Мақсаты: Балалардың шығармашылық қабілеттерін дамыту, Тастың құпиясы туралы білімдерін қалыптасуына мүмкіндік беру, құрылымын тамашалау, тастарды қасиетіне қарай топтастыру (үлкен, орташа, кішкентай) салмағы (жеңіл, ауыр), жүзгіштігі – суға батады. Танымдық қабілеттерін арттыру.

Әдіс-тәсілдері: Көрсету, түсіндіру, әңгімелесу, сұрақ-жауап, марблс тастар технологиясы.

Заттық дамыту ортасы: суреттер жинағы, ыдыстағы су, тастар жиынтығы, екі тәрелкеден, поролон.

Сөздік жұмыс: Тастар, зертхана.

<p>Ұйымдастырушылық-ізденістік:</p>	<p>№1 тапсырма: Түсті және пішінді анықтау. Бізге тастар қандай түсте және қандай пішінде болатынын білу керек, түстеріне байланысты тарелкаға қысқыштармен салады.</p>  <p>№2 тапсырма: Дайын суреттерді беріп пішіндеріне қарай тастарды сәйкестендіріп қою.</p>  <p>№3 тапсырма: Тастардан домалақ пішін жасау. Құмның бетіне.</p>  <p>№4 тапсырма: Тастарды құмның астынан табу.</p>	<p>Тастың адамдарға қандай пайдасы бар: олар әдемі моншақтар жасайды, қымбат тастар болады, құрлыста пайдаланады.</p>
-------------------------------------	--	---



Сергіту сәті

Орманда қоян келеді,
Секіріп секіріп жүреді.

Көк тастарды тереді,
Қуанады күледі.

Әрмен қарай жүреді,
Қорбандап аю жүреді.

Қызыл тастарды тереді,
Қуанады күледі.

Әрмен қарай жүреді,

Орманда қасқыр келеді.
Аттап-аттап жүреді,
Жасыл тастарды тереді.
Көзіне жақындатып көреді.

Орманда түлкі келеді,
Бұлаңдап ол жүреді.
Тастарды ол көреді,
Көп тастарды көреді.
Сыңғырлатып көреді.

Тәжірибе жасау:

Түлкінің қолында тоты құсы шөлдеп
су ішкісі келіп тұр.

Көмектесеміз бе балалар?


-иә

Енді не істейміз?

Ыдыстағы судан торғай су іше алмай
тұр

Балалар бізде тас бар екен ғой,соның

Тастардың зияны
болады: тас қатты
,оны лақтыруға
болмайды , адамға
тиіп кетсе жарақат
алып қалады.Терезеге
лақтыруға болмайды.

	<p>көмегімен су ішкіземіз,тастарды суға саламыз,содан су көтеріледі. Тоты құсымыз міне су ішті иә балалар. Тастың көмегімен, тоты құсқа да көмектестік. Жүзгіштігін тексереміз:енді тастарды суда жүзгіштігін тексерейік. Салыстыру үшін суға тасты және пенеплексты салайық. Суға тасты және пенеплексты салыстырайық. Біз не көріп тұмыз? Тас неге батады?</p>	
<p>Рефлексиялық-түзетушілік:</p>	<p>Қорытындылау: Сұрақ-жауап арқылы ұйымдастырылған ашық оқу қызметін пысықтаймын</p>	

Күтілетін нәтиже:

Біледі: тастардың құпиясын тәржибе жасап біледі.

Игерді:тастардың көлемін анықтап білді (үлкен, орташа, кішкентай).

Меңгерді: ұқыптылық пен жұмысты орындау арасындағы жинақылық қалыптастырады

25.02.2025 ж № C00015

Заттық-кеңістік дамытушы орта

ЖЕТПИСБАЕВА НАЗЕРКЕ ЖАНИБЕКОВНА

Зайсан қаласы

**"Куншуак" жекеменшік балабақшасының
тәрбиешісі**

Балалардың дамуындағы маңызды факторлардың бірі – олардың қабілеттерін қалыптастыруға қолайлы жағдайлар жасау болып табылады. Баланы жан-жақты дамытудың тиімді жолдарының бірі, бала қабілетін арттыратын қолайлы заттық кеңістік дамытушы ортасын ұйымдастыру, құру болып табылады. Заттық-кеңістік дамытушы орта дегеніміз не, оны қалай құрамыз? – деген сұрақтар туындайды.

Заттық-кеңістік дамытушы ортаны құруда міндетті түрде әр жастағы балалардың жеке ерекшеліктері мен қабілеттерін, қызығушылығын ескеруіміз қажет,

Заттық-кеңістік дамытушы орта – балаға заттар мен ойыншықтарға еркін қолжетімділікті және немен айналысатынын өз бетінше таңдауын, өз идеяларын іске асыру мүмкіндігін қамтамасыз ететін, балалардың бастамасын қолдау үшін жоспарланған әртүрлі материалдары бар ортаның болуы.

Дамытушы ортада бала ересектердің өзіне деген мейірімді қарым-қатынасын, дербестігін ынталандыруын, жеке басын құрметтеуін, балаға қиын сәттерде қолдау көрсетілетінін сезіне білу керек.

Дамытушы ортада балаға өз қызығушылықтары мен мүмкіндіктеріне сүйене отырып, өзін қызықтыратын ойын материалдарымен ойнауға мүмкіндік ала алуы тиіс.

Дамытушы ортада баланың мектепте оқуға қажетті дағдыларды жетілдіріліп, әртүрлі әлеуметтік ортадан шыққан балалардың сапалы мектепке дейінгі білім алуы үшін тең бастапқы мүмкіндіктерді қамтамасыз етілуі тиіс.

Дұрыс құрылған дамытушы ортада бала әрекетке ынталандырылады, бала тұлға ретінде дамиды, қабілеттерінің ерте көрінуіне ықпал болады және еркін шешім қабылдауға қалыптасады.

Заттық-кеңістіктік дамытушы ортаға қойылатын жалпы талаптар:

- қауіпсіз;
- қолжетімді;
- әртүрлі;
- мазмұнды;
- көп атқарымды;
- өзгермелі;
- тартымды.

Л.И. Фалюшина: білім берудің сапалы болу жолдарын, қатысушылардың атынан мына сөздермен түсіндіреді.

«Балалар үшін – бұл олар үшін ойын түрінде қызықты оқыту;

-ата-аналар үшін – бұл балаларды тиімді оқыту, яғни, балаларды мектепке жақсы дайындаған оқыту бағдарламалары; шаршамай оқу; балалардың денсаулығын сақтау; оқудың жетістігі; оқуға деген ұмтылысты сақтау, беделді мектепке қабылдау мүмкіндігін қамтамасыз ету және т.б.;

-тәрбиешілер үшін – бұл олардың қызметін мектепке дейінгі білім беру ұйымдарының басшыларының, ата-аналардың оң бағалауы; барлық балалардың барлық бағдарламаларды сәтті жүзеге асыруы; балалардың оқу үдерісіне қызығушылығын сақтау; балалардың табысты дамуы; балалардың денсаулығын сақтау; педагогикалық процесті барлық қажетті құралдармен және жабдықтармен қамтамасыз ету және т.б.;

-басшы үшін – бұл ата-аналар мен балалардың тәрбиешілер қызметіне берген жоғары бағасы; балалардың денсаулығын сақтау; педагог пен балалар іс-әрекетінің жетістігі; балалардың оқу уақытын және педагогтардың жұмыс уақытын ұтымды пайдалану; таңдалған бағдарламаларды толық игеру, балаларды мектепке сапалы дайындау

Заттық-кеңістіктік дамытушы ортасын жобалауды, білім беру салалары «Денсаулық», «Қатынас», «Таным», «Шығармашылық», «Әлеумет» бойынша қалай жүзеге асыруға болады.?

«Денсаулық» білім беру саласы бойынша, балалардың денсаулығын сақтау дағдыларын дамыту үшін дене шынықтыру жабдықтарын, оқу құралдарын және т.б. мақсатқа сай таңдау, орналастыруға қойылатын негізгі талаптар сақтау;

Сауықтыру-шынықтыру орталығы, дене шынықтыру алаңы, балалар алаңдарын талапқа сай жабдықталуы. Жабдықты таңдаудағы маңызды талаптардың бірі – оны пайдалану кезінде балалардың қауіпсіздігін қамтамасыз ету болып табылады. Жабдық жасалған материалдар гигиеналық талаптарға сай, экологиялық таза әрі берік болуы керек.

«Қатынас» білім беру саласы бойынша, балалардың коммуникативтік дағдыларын дамыту, ауызша сөйлеуді қалыптастыру, әр түрлі өмірлік жағдайларда қатынас дағдыларын меңгеру, Қазақстан халқының мәдениеті, әдет-ғұрыптары мен дәстүрлерімен танысу, мәнерлеп оқу және қайта айту, дыбыстық сөйлеу мәдениетін тәрбиелеу, белсенді сөздік қорын байыту, сөйлеу нормаларын меңгеру, мемлекеттік және орыс тілдерін оқыту арқылы балалардың іс-әрекетінің әр түрлі түрлерінде тәрбиеленушілердің ауызша және дәйекті сөйлеуін дамыту. Дамытушы ортада «Қатынас» білім беру аймағын, коммуникативті дағдылар, мектеп жасына дейінгі балалардың «қалыптасып келе жатқан сауаттылық» принципі, кітаптар орталығын құру.

«Таным» білім беру саласы бойынша, балалардың танымдық дағдыларын дамыту үшін жаңа буынның ойын жабдықтарын мақсатты таңдау және ұтымды пайдалану, мектеп жасына дейінгі балалардың танымдық дағдыларын дамыту орталықтарын құру, пәндік-кеңістік, дамытушы модельдер, танымдық, зертханалық орталықтарын құру.

«Шығармашылық» білім беру саласы бойынша, балалардың шығармашылық дағдыларын дамыту орталықтарын, театрландыру, сурет салу, қолөнер орталықтарын құру.

«Әлеумет» білім беру саласы әлеуметтік дағдылар мен өз бетінше үйрену дағдыларын меңгеруді; қоғамдағы мінез-құлықтың адамгершілік нормаларын, сондай-ақ жалпыадамзаттық құндылықтарды меңгеруді; баланың құрдастарымен және ересектермен қарым-қатынас жасай алуын; дербестікке тәрбиелеуді; айналадағы адамдарға құрметпен қарауды, өз отбасына тиесілік сезімін, эмоциялық жауаптылықты, эмпатияны қалыптастыруды; қазақ халқының, сондай-ақ басқа да халықтардың тарихы мен мәдениетін білу мен құрметтеуді, туған жер туралы түсініктерді; әр түрлі еңбек түрлеріне және әртүрлі мамандықтағы адамдарға қызығушылықты қалыптасуын тәрбиелеу.

«Әлеуметтік дағдыларды дамыту», «Қауіпсіз жол» орталықтарын құру. Мектеп жасына дейінгі балалардың шығармашылығы көп қырлы болғандықтан, баланың қызығушылығын қолдап, жаңғыртып отырғанда ғана бала бойындағы шығармашылық әлеуетті ашуға ықпал етеміз. Осылайша, нәтижелі ұйымдастырылған заттық-дамытушы орта, балаларға қуаныш сезімін, балабақшаға деген жағымды қарым-қатынасын, балабақшаға келуге деген тілекті шақырады, жаңа әсерлер береді және білімдермен байытады. Белсенді шығармашылық әрекетті тудырады, мектепке дейінгі балалардың зияткерлік және әлеуметтік дамуына мүмкіндік беріп, баланың шығармашылық әлеуетін ашуға ықпал етері сөзсіз.

25.02.2025 ж № С00016

Қыстап қалатын құстар

КАБАКОВА МАРИНА АХМЕТКЫЗЫ Маңғыстау облысы Жаңаөзен қаласы «Арай» бөбекжайының тәрбиешісі

Мақсаты: Кіріктірілген іс-әрекет арқылы баланың эмоциялық сезімдерін оятып, баланың ой-өрісін, көркем ойлау қабілетін дамыту. Балалардың өзіндік шығармашылық қызығушылығын арттыру. Ұсақ қол маторикасын дамыту. Ойын арқылы білімдерін жетілдіру.

Балалар көңілді қимылдар жасап нейро жаттығу арқылы кіреді.

Тәрбиеші: Шаттық шебері . Балалар бүгінгі көңіл күйлерің қалай? - Тамаша ендеше осы тамаша көңіл күймен бүгінгі іс-әрекетімізді көңілді бимен бастайық!

Жарайсыңдар балалар

Дидактикалық ойын «Кім тапқыр?»

Ойынның шарты: Жұмбақ жасыру арқылы жыл мезгілін пысықтау

Доп лақтыру арқыла балалардан жыл мезгілінің ерекшеліктерін сұрау. Балалар допты кері лақтырып сұрақтарға жауап береді

Тосын сәт

тоты құстың дауысы шығады

- Балалар, бұл ненің дауысы ?

- құстың дауысы

- Дұрыс айтасыздар бұл құстың дауысы екен

- ой балалар құстың дауысы қайдан шығады,

- Балалар бізің топқа құс ұшып келіпті

- Балалар құспен амандасайық

- Балалар қараңдаршы әдемі құс екен? Бұл қандай құс? Бұл тоты құс

Тоты құс сіз қайдан жүрсіз?

Тоты құс: Салеметсізбе! Балалар мен басқа құстардың тіршілігі туралы білгім келеді. Қыс мезгілінде далада құстар барма? Құстардың дауысын естисіздерме?

Мен далаға шықбаймын сондықтан білмеймін, дала суық тоңамын, тоңамын

-Балалар , қыс мезгілінде далада құстарды көремізбе ?

-иа дұрыс айтасыздар қыста далада құстар бар.

-Балалар, дала құстар нешеге бөлінеді? Аттарын айтайық

-Дұрыс айтасыздар қыстап қалатын және жылы жаққа ұшып кететін құстар

Себебі кейбір құстар жылы жаққа ұшпайды, бірақ қыста бізбен бірге болды
- қыста бізбен бірге болатын құстар қалай аталады? (қыстайтын құстар)
-Қандай қысқы құстарды білесіңдер? (қарға, торғай, көгершін, тоқылдақ)
-Қыста қалмайтын құстар қалай аталады? Олар қайда ұшып кетеді? (көші-қон)
-Қандай қоныс аударатын құстарды білесіңдер? (бұлбұл, қарлығаш, аққу, Тырна)

Тоты құс : Балалар қыста суықтан тоңбайтын қандай құстар, қоныс аударатын құстар қандай құстар, мен білмеймін, мен білмеймін

-Балалар тоты құсқа ойын ойнау арқылы құстарды көрсетейік

Дид ойын: «Құстар қысты қайда өткізеді»

Суреттер: «Қысқы орман» және «Ыстық елдер», балалар құстарды орналастырады.

-Балалар торғай дегенде бірінші қандай дыбыс естиміз? Дұрыс айтасыз т дыбысы, т дыбысы дауысты дыбыс ба? Дауыссыз дыбыс ба? Торғай сөзін буынға бөліп бер, торғай сөзіне бір сөйлем құрастыру (2-3 баладан сұрау)

-Олай болса құстарды санап берейікші неше қыстап қалатын, неше қоныс аудратын құстар бар? Ал барлығын қоссақ неше құс болады?

Құстардың неше аяғы, көзі ,тұмсығы бар? ,

Неліктен құстарға аяқ қажет? (жерде жүру, бұтақтан бұтаққа секіру)

Тоты құс қыстап қалатын және жылы жаққа ұшып кететін құстарды енді білетін боларсың

Тоты құс: қыста далада өмір сүретін құстарды көріп тоңып кеттім. Далаға шықбаймын, далаға шықбаймын. Балалар, айтыңдаршы, құстар қыста қалай тіршілік етеді? (суық, аш)

- Суықта құстарға қалай көмектесеміз? (жем береміз , қамқорлық жасаймыз)

-Ал енді мен сендерге қыста құстарға жем болатын тұқымдарды көрсетемін.

- Бұл асқабақ тұқымы, күнбағыс тұқымы. Тары. Біз серуендеуге барамыз, тамақ береміз

Жарайсыздар балалар

Қимылды ойын: «Менің кім екенімді тап?».

(Балаларға қыстап қалатын құстардың маскаларын тарату)

Шарты: Жұмбақ құрастыру, қай құс туралы жұмбақ болады, сол құс шеңберге ұшып шығады.

Секіргенді, ұшқанды ұнатады

Нан мен дәнді дақылдар қорегі.

(Шеңберге торғайлар ұшады)

Сен кімсің? Торғаймын шик-шиқ торғаймын..

Ағаш қабының астынан тамақ іздеп,

Тоқылдатар күн-түні. (Тоқылдақ)

Сен кімсің? Тоқ-тоқ тоқылдақпын.

Күндіз-түні тынымсыз

Қар-қар-қар! - деп ән салады (қарға).

(Шеңберге қарға ұшады)

Сен кімсің? Мен қарғамын

Тоты құс: Дала құстарының ұшқаны қандай керемет, маған ұнады, маған ұнайды. Ал мен жалғызбын

Тоты құс көңіл күйіңді түсірме! Балалар саған арнап құстарды құрастырып, және жапсырып береді. Сенің көп достарың болады.

Шағармашылық жұмыс:

Балаларды екі топқа бөлу

1- топ Құстарың суреттерін құрастыру

2- топ құстарды жапсыру

Тоты құс бізің балалардың құрастырған құстары саған ұнадыма?

Тоты құс: әрине ұнады, рахмет балалар меің көңілім көтіріліп қалды

Тәрбиеші: Жарайсыңдар балалар! Балалар бізге кім келді ?

Не туралы әңгімеледік?

Қандай ойындар ойнадық?

Сендерге бүгінгі іс-әрекет ұнадыма? –Балалардың жауаптары

Сендер бүгінгі іс-әрекетке өте жақсы қатыстыңдар, рахмет сендерге.

Мектеп жасына дейінгі балаларға ұлттық, патриоттық тәрбие беру

ДУЙСЕНОВА НАГИМА ЯНЫБАЕВНА
Маңғыстау облысы, Мұнайлы ауданы, Батыр ауылы
«Айгөлек» жекеменшік балабақшасының тәрбиешісі

Кіріспе

Халықта «Ағаш түзу өсу үшін оған көшет кезінде көмектесуге болады, ал үлкен ағаш болғанда оны түзете алмайсың» деп бекер айтылмаған. Сондықтан баланың бойына жастайынан ізгілік, мейірімділік, қайырымдылық, яғни адамгершілік құнды қасиеттерді сіңіріп, өз-өзіне сенімділікті тәрбиелеуде отбасы мен тәрбиешілер шешуші рөл атқарады. Еліміздің болашағы жас ұрпақты тәрбиелеуде бірінші бесік – отбасы, ата-ана тәрбиесі болса, екінші бесік – білім беру ұйымы. Сондықтан, мен бұл тақырыпты алуымның себебі қоғамның әлеуметтік даму жағдайында балаларға патриоттық тәрбие берудің жүйесін айқындай отырып, ұлтаралық қатынас мәдениетін, еліміздің бейбітшілігі мен егемендігін сақтауға, экономикасын дамытуға ықпал ететін тұлғаны қалыптастыруға бағыттау болды.

Негізгі бөлімі

Мектепке дейінгі кезеңдегі тәрбие - адам қалыптасуының алғашқы баспалдағы болса, бүлдіршіндеріміздің бойында рухани - патриоттық сана - сезімді қалыптастыру бағыты бойынша тәрбие беріп, ел болашағына өз үлесін қосуда. Мектепке дейінгі мекемеде балалардың ойын еркін жеткізуде, рухани патриоттық тұрғыдан білім алуына тәрбиеленуіне барлық жағдай жасалған. Халқымызда «баланы жастан» деген дана сөз бар. Тәрбиенің бесіктен басталатынын ескерсек, ата – бабадан келе жатқан дәстүрлерді ең алдымен өзіміз түсініп, балаларға оның нәрін сіңіре білсек, болашақ ұлтжанды ұрпақ тәрбиелесек - бұл еңбегіміздің жанғаны, тәуелсіз ел болашағына қосқан үлкен үлесіміз деп білеміз. Адамзаттың асыл мұраттары қайта гүлдеп, мәдениет дәрежесі мен білімділік деңгейі қоғамның өркендеуінің басты өлшеміне айналып отырған жаңа ғасырда жас ұрпақты отансүйгіштікке тәрбиелеудің маңызы артып келеді. Сондықтан мен баланың бойына жастайынан ізгілік, мейірімділік, қайырымдылық, яғни адамгершілік құнды қасиеттерді сіңіріп, өз-өзіне сенімділікті тәрбиелеуді зерттеп, өзіме, балаларға патриоттық тәрбие

беруде жаңа технологияларды пайдалану арқылы жобаны алуды жөн көрдім. Патриоттық тәрбие беру арқылы баланың патриоттық сезімдерін ояту, баланың ой-өрісін, көркем ойлау қабілетін, талғампаздығын арттыруға болады. Сол себепті өз жұмысымда патриоттық тәрбиені беру үшін алдымен оның мақсаты мен мүмкіндіктерін бөліп шығару қажет екенін байқадым.

Таңдаған жобамның мінездемесі:

- жобаның түрі – практикалық-бағдарлау жобасы;
- орындалуы бойынша ұзақтығы – ұзақ мерзімді
- сипаты бойынша түрткі болған жобалық қызмет – қолданбалы (практикалық-бағдарлау сипатында)

Кәсіби қызметімде келесі жұмыс түрлері жүргізілді:

- әдістемелік;
- зерттеушілік;
- тәрбиелілік;
- эстетикалық - ағартушылық;

Нысан: мектепке дейінгі жастағы балаларды жан - жақты дамыту.

Зерттеу жұмыстарының әдістері: зерделеу, сұхбаттар, тестілеу.

Балабақшада патриоттық тәрбие беруде жаңа технологияларды пайдаланудың түрлері:

- тәрбиелеу - оқыту технологиялары;
- психологиялық-педагогикалық технологиялар;
- ата – аналардың педагогикалық білімін ағарту.

Зерттеу базасы: Жаңаөзен қаласы №1 «Ақбота» балабақшасы МКҚК

Жобаның қатысушылары: «АЙГӨЛЕК» жекеменшік балабақшасының ата - аналары және ересектер тобының тәрбиенушілері

Жұмыстың әдісі: Тәжірибелік, практикалық

Өсіп келе жатқан жас ұрпақты ақылды да саналы, тәртіпті де еңбексүйгіш, өз халқының патриоты болатын ұрпақ тәрбиелеу керектігін ескере отырып, алдыма міндеттер мен мақсаттар қойдым.

Мақсатым: мектепке дейінгі тәрбие мен білім беру үдерісінде балаларға патриоттық тәрбие бере отырып, Отанын, туған жерін, өзінің халқын сүйе алатын тұлға даярлау.

Патриоттық тәрбие берудегі міндеттерім төмендегідей:

- тобымда денсаулығы зор, рухани дүниесі бай, адамгершілікті, тәуелсіз жеке тұлғаны қалыптастыруға ықпал ететін тәрбие жүйесін құру және дамыту;
- балаларды отансүйгіштікке, зиялылыққа, мемлекеттік рәміздер мен ұлттық дәстүрлерді сыйлауға тәрбиелеу бағдарламасы;

- өзінің және қоғамның, болашақ ұрпақ алдында әлеуметтік, табиғи және мәдени ортадағы өз іс-әрекетінің нәтижесі үшін жауапкершілікті сезінуде гуманистік дүниетанымын қалыптастыру;

Жұмыстың өзектілігі:

Патриоттық тәрбие ең алдымен еліміздің тәуелсіздігі мен егемендігін, тыныштық пен бейбітшілікті сақтайтын, ұлтаралық мәдениетті дамытатын, еліміздің рәміздеріне құрметпен қарайтын, әлемдік деңгейде бейбітшілік пен өркениеттілікке өз үлесін қосатын адамгершілік мұраты биік патриот, намысшыл қаһарман, қайсар, жігерлі жас ұрпақты тәрбиелеуге мүмкіндік береді. Екіншіден, патриоттық тәрбиенің негізі арқылы: халық батырлары туралы ертегі, әңгіме мазмұнын жүйелі байланыстырып, әңгімелеуге үйрету, өлең шумақтарын жаттай білуге, мақал – мәтелдердің мағынасын түсіне білуге тәрбиелеу талап етіледі. Үшіншіден - бұл әр азамат өзін осы елдің төл баласы, нағыз азаматы ретінде сезінеді

Жаңашылдығы: Жалпы патриоттық тәрбие беруде дәстүрлі емес оқу қызметтер, сайыс, ойын, кіріктірілген оқу қызметтер, саяхат, аралас оқу қызмет түрлері өткізіледі. Заман талабына сай оқытудың жаңа технологиясын игере отырып, пәнаралық байланысқа үнемі көңіл бөлінеді.

Жобаны іске асыру кезендері:

I кезең - жобаны жоспарлау.

II кезең – патриоттық әдістемемен оқыту.

III кезең – іске асыру маршруты, нәтижесі.

I кезеңде - ұлттық, патриоттық тәрбиелеу бойынша пайдаланатын жаңа технологияларды зерттедім, материалды-техникалық базасын дайындадым, жобаның мақсатымен және міндеттерімен таныстым, жобаның қатысушыларын анықтадым.

II кезеңде – жаңа технологияларды пайдалана отырып, ұлттық, патриоттық тәрбиелеудің әдіс– тәсілдерін анықтап, жұмысты бастадым.

Заман талабына лайық тәрбие мен білім беру жұмысын кешенді ұйымдастыру үшін жаңа технологияларды, идеялар мен шығармашылық, инновациялық жаңашылдықты енгізіп отырамын. Атап айқанда, ертегі терапия, интерактивті тақта, бейнетаспа, мультимедиялық электронды кітапшалар, электронды оқулықтар пайдаланамын.

Отансүйгіштікке, зиялылыққа, мемлекеттік рәміздер мен ұлттық дәстүрлерді сыйлауға тәрбиелеуде мен келесі бағыттарды жүзеге асырамын:

-рухани-адамгершілік,

-әлеуметтік,

-эстетикалық,

-өлкетану,

-еңбек,

-отбасылармен бірге жұмыс істеу.

Мен осы жұмысты жүзеге асыру үшін отансүйгіштікке тәрбиелеу бағдарламасы шеңберінде жүйелі жұмысты ата-аналармен бірге ұйымдастырамын. Осыған орай келесі міндеттер кешенін орындалуын басты назарда ұстанамын:

-балаларды өз отбасын, балабақшаны, көшені, қаланы сүйуге, табиғатты аялауға тәрбиелеу;

-балаларды мемлекеттік рәміздермен таныстыру (елтаңба, ту, әнұран);

-елінің, халқының, қаласының жетістіктерін мақтан тұту, жауапкершілік сезімін дамыту;

-басқа ұлт өкілдерін сыйлау, олардың дәстүрлерін дәріптеу сезімін қалыптастыру;

-еңбекті құрметтеуге тәрбиелеу;

-ұлттық қолөнер шеберлігін білуге қызығушылықты қалыптастыру;

-Қазақстанның қалалары туралы білімдерін тереңдету.

Балалардың бойына гуманистік дүниетанымын қалыптастыруда қойылатын негізгі талаптарды айқындадым:

- балабақшадағы және топтағы жүргізілетін патриоттық тәрбие жүйесімен өзара байланыста жүргізілуі, пәнаралық байланыс, өткен тақырыптармен жүйелі сабақтастық;

- топтың алдына қойылатын мақсатының нақты болуы және педагогикалық тұрғыда негізделуі;

- Ұйымдастырылған оқу қызметінің құрылымында патриоттық тәрбиеге арналған мазмұнның қамтылуы, мазмұнының балалардың патриоттық іс-әрекетінің негізі болуы, берілетін білім мен балалардың патриоттық іс-әрекеті арасында байланыстың болуы;

- балалардың патриоттық сезіміне ықпал ететін материалдардың қамтылуы;

- балалардың танымдық, белсенділік іс-әрекеттеріне ықпал ету, топтағы қамтылған материалдар олардың санасына, көңіл-күйіне әсерлі болуын ескеру;

- Ұйымдастырылған оқу қызметінің құрылымы, мазмұны, қолданылатын әдістері мен тәсілдерін айқындауда патриоттық бағыттарына баса көңіл аударылуы керек.

Мен мектепке дейінгі білім беру мекемелерінде кеңінен халық ауыз әдебиетінің материалдарын қолданған жөн жеп есептеймін. Осы әдісті бір жүйеге келтіріп жұмыс жасадым. Мысалы, мақал-мәтелдерді жай жаттаумен қатар оларды түсіндіріп, белгілі жағдайда орынды болуын көрсетемін. Бүлдіршіндерді отансүйгіштікке тәрбиелеуде балалар арасында «Менің көшем», «Менің қалам»

атты көркем сурет көрмесін ұйымдастырдым. Балабақшадағы тәжірибеге келсек, бүлдіршіндерді адамгершілік отансүйгіштікке тәрбиелеу жұмыстарын олардың ана тілдерін мемлекеттік рәміздерін құрметтеу, өз туған қаласының тарихын, оның көркем жерлері, мәдениеті, қаһармандары туралы білімдерін қалыптастырудан бастадым. Өз тәжірибемде әсіресе, балаларға арналған халық ертегілеріне көп көңіл бөлемін. Қазақ халық ертегілері «Алдаркөсе мен бай», «Тазша бала» «Үш жетім», «Қара батыр», «Алтын сақа», «Қамбар батыр», «Қожанасыр туралы аңыздар», «Ертөстік және айдаһар», сонымен қатар «Ер есімі ел есінде», «Елімнің бақытын тербеткен Тәуелсіздік», «Сайыпқыран сарбаздар», «Мемлекеттік тіл – менің тілім!» атты ертеңгіліктер өткіздім. Ондағы мақсатым: тәрбиеленушілердің ойында елжандылық сезімін қалыптастыра отырып, туған елі мен жеріне деген сүйіспеншілігін тәрбиелеу, тіліміз бен тарихымызға құрметпен қарауға тәрбиелеу. Тобымда балалардың патриоттық сезімін арттыру мақсатында түрлі тақырыптарда іс-шаралар көрсеттім. Мерекелік іс-шаралар кезінде балалар такпақтар, өлеңдер үйренеді және тарихымен танысады. Бұндай мерекелер балабақшада көптеп кездеседі. Мысалға: «ҚР алғаш Президентінің сайланған күні», «Тәуелсіздік күні», «Жеңіс күні», «Отан қорғаушылар күні», «Қазақстандағы ұлттардың бірлігі күні». Бұндай мерекелер балаларды өз Отанын сүйуге тәрбиелейді, өз Отанының қонақжай екендігін білетін болады. Өзінің ауылы, қаласын жайлы басқа да мәліметтерге қанық болады және басқа да ұлт өкілдері жайлы мағлұмат алады. Аудандық сайыс байқауларға тәрбиеленушілерім қатысып жүлделі орынға ие болды. Осылайша болашақтың тұтқасын ұстар жасөрендердің бойына тәрбиенің құнды дәнегін сепкім келеді. Балалардың ізденімпаз, жаңалыққа жанықұштар, қоғамдық іс – шараларда белсенділікпен қатыса отырып шығармашыл болып қалыптасуына, туған тілінде сөйлеп, Отанын, туған елін, туған жерін сүйе білуге титтей де болса өз ықпалымды жасай алсам – ол менің үлкен жетістігім. Ал менің осы жетістігім келешекте өз Отанымның дамуы жолында зор үлесін тигізуі мүмкін.

III кезең – іске асыру маршруты, нәтижесі:

Осы жобаны іске асыра отырып, мен нақты жетістіктерге жеттім.

Балалардың білім деңгейі келесідей болды:

Бастапқы бақылау (4 жас): Жоғары деңгей – 43 %, орташа деңгей – 34 %, төмен деңгей – 23 %.

Аралық бақылау (4 жас): Жоғары деңгей – 54 %, орташа деңгей – 28 %, төмен деңгей – 18 %.

Қорытынды бақылау (4 жас): Жоғары деңгей – 68 %, орташа деңгей – 24 %, төмен деңгей – 8 %.

Ұлттық, патриоттық тәрбие арқылы жаңа технологияны пайдалана отырып, патриоттық тәрбие, ұлттық тәрбие, рухани адамгершілік тәрбиесі - біздің ұжым қызметкерлерінің ықпалымен жүзеге асырылып жатыр.

Жұмыстан күтілетін нәтиже:

1. Баланың отансүйгіштік сезімі қалыптасады.
2. Туған халқымыздың өткен тарихын үйренеді.
3. Салт – дәстүр, әдет ғұрыпты үйренеді.
4. Тіл мен есте сақтауы, ықыласы мен қиялы, сонымен бірге зейіні мен, ойлауы, коммуникациялық дағдылары жақсы дамиды.
5. Адамгершілік тәрбие алады.

ҚОРЫТЫНДЫ

Қорыта айтқанда отансүйгіштікке тәрбиелеу, тіл мәдениетін орнықтыру мәселелеріне тоқталып: «Біздің тағы бір аса маңызды идеологиялық міндетіміз – Қазақстандық Отансүйгіштікке тәрбиелеу, әрбір азаматтың өзін-өзі айқын билеуін қалыптастыру. Шынайы Отансүйгіштікті, нағыз азаматтықты қалыптастыру жеке бастың өзін саяси тұрғыдан айқын сезінуін, өз Отанын саналы түрде таңдауын көздейді» - делінген. Тәрбиедегі ең басты бағыт делінген тәлім-тәрбие тұжырымдамасында: «Әрбір адам ең алдымен өз халқының перзенті, өз Отанының азаматы болуы керек екенін, ұлттың болашағы тек өзіне байланысты болатынын есте ұстауға тиіс..

Сонымен, қорытындылай келе, Отанның гүлденуіне және оны қорғауға деген патриоттық сезім адам жүрегінде өмір сүрген, өмір сүре бермек. Бірақ патриоттық сезім адамда өзінен өзі, не болмаса туа пайда болмайды. Ол ерте жастан адамға әсер ететін, ұзақ мақсатты түрде бағытталған тәрбиенің қорытындысы. Патриотизм ортаның, отбасындағы тәрбиенің, мектептің, мектепке дейінгі мекеменің және түрлі қоғамдық ой-пікірлердің әсер етуімен қалыптасады. «Патриотизм, — дейді ұлтымыздың батыры Б.Момышұлы, — Отанға, мемлекетке деген сүйіспеншілік, жеке адамның аман-саулығы, қоғамдық, мемлекеттік қауіпсіздікке тікелей байланыстылығын сезіну, өзінің мемлекетке тәуелді екенін мойындау, яғни патриотизм дегеніміз — мемлекет деген ұғымды, оның жеке адаммен барлық жағынан өткені мен бүгінгі күні және болашағымен қарым-қатынасын білдіреді». Қазақ халқының өткені мен бүгінін таразыға сала отырып, келешегіне отаншылдық туын арқау еткен асқақ, жандары таза жас ұрпақты тәрбиелеу мен қасиетті Отанның қадірін ұғындыру, ар, намыс, ождан сөздерін ұлт, атамекен, халық сияқты киелі түсініктермен байланыстыру арқылы болашаққа бағыт сілтеу әрбір педагогтің міндеті.

МАЗМҰНЫ

- **НУРИДЕНОВА БАҚЫТГУЛЬ НАЗМУХАНОВНА**
- **СОГУМБАЕВА ТОЛҚЫН ЕНСЕБАЕВНА**
- **ЖЕТПИСБАЕВА НАЗЕРКЕ ЖАНИБЕКОВНА**
- **ДУЙСЕНОВА НАГИМА ЯНЫБАЕВНА**